

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 11-1-2/42 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 13 наурызда № 10431 тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының (109) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы экономикалық саясат департаменті осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін, оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Бірінші орынбасары Р.С. Жошыбаевқа жүктелсін.

4. Осы бүйрық оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

E. Ыдырысов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 12 ақпан

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2015 жылғы 6 ақпандағы
№ 11-1-2/42 бүйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тaraудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек саласындағы өзара іс-қимыл жасау қагидалары (бұдан әрі – қагидалар) "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 109) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмек (бұдан әрі – ДРК) саласындағы өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен ДРК саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарына сәйкес ДРК саласындағы мемлекеттік органдарының, операторының (бұдан әрі – Оператор) және ДРК саласындағы өзге де ұйымдарының (бұдан әрі – ұйымдар) қызметтерін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Министрлік мемлекеттік органдардың, оператордың және ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, ДРК саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарын оларды кейіннен Қазақстан Республикасының Президентімен бекіту үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

2-тaraу. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дамуға ресми көмекті қалыптастыру жөніндегі өзара іс-қимылы

Ескерту. 2-тaraудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – шет елдердегі мекемелер), оператор және ұйымдар жыл сайын ағымдағы қаржылық жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде Министрлікке ДРК саласындағы жобалық ұсыныстарды (бұдан әрі – жобалық ұсыныстар) кезекті қаржылық жылға қалыптастыру бойынша:

ДРК іс-шаралар жоспарын;

ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарын енгізеді.

Жобалық ұсыныстар "Дамуға ресми көмектің жобалық ұсынысының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 11-1-2/43 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10430 болып тіркелген) нысанға сәйкес енгізіледі.

Мемлекеттік органдар, шет елдердегі мекемелер және ұйымдар жобалық ұсыныстарды уақытылы бермеген жағдайда, Министрлік аталған жобалық ұсыныстарды әзірлеушілерді жобалық ұсыныстар ұсынылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде хабардар етіп, оларды қараусыз қалдырады.

Министрлік жобалық ұсыныстарды әзірлеушілерге көрсетілген мерзімде хабарламаған жағдайда, жобалық ұсыныстар кезекті қаржылық жылға арналған ДРК жобалық іс-шараларына қосу үшін қарастырылуға қабылданды деп есептеледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4. Министрлік ұсынылған жобалық ұсыныстарды олардың сыртқы саяси орындылығы нысанасына сәйкестігін қарастырады.

Жобалық ұсыныстарды іске асырудың сыртқы саяси орындылығы болған жағдайда, Министрлік оны тиісті жоспар жобасына енгізеді.

Министрлік ағымдағы қаржылық жылдың 1 сәуіріне дейін кезекті қаржылық жылға: ДРК іс-шаралар жоспарын;

ДРК-ге арналған халықаралық ұйымдарға ерікті жарналарды төлеу жоспарын әзірлейді.

Респубикалық бюджет бекітілген соң Министрлік тиісті жылдарға ДРК іс-шаралары жоспарын және ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарын бекітеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің 15.05.2020 № 11-1-4/156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3-тaraу. Бекітілген ДРК іс-шаралар және ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарларына өзгерістер енгізу жөнінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылды

Ескерту. 3-taraудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

5. Мемлекеттік органдар, шет елдердегі мекемелер, оператор және ұйымдар сыртқы саясат ахуалы өзгерген кезде бекітілген ДРК іс-шаралар жоспарын және ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарын өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

6. Сыртқы саяси орындылығын ескере отырып, Министрлік бекітілген бюджеттік қаражаттар шығындары шегінде ДРК іс-шаралар жоспарына және ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарына түзетулер енгізеді және енгізілген өзгерістер туралы мемлекеттік органдар мен шет елдердегі мекемелерді хабардар етеді.

ДРК іс-шаралар жоспарына және ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарына енгізілген өзгерістер мемлекеттік органдар, шет елдердегі мекемелер, оператор және ұйымдар үшін ДРК-нің қайта қосылған жобаларын іске асыруға негіз болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыртқы істер министрінің 15.05.2020 № 11-1-4/156 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. ДРК жобаларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылды

Ескерту. 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік органдар, шет елдердегі мекемелер, оператор және ұйымдар бекітілген ДРК іс-шаралар жоспарында қарастырылған ДРК жобаларын іске асыруды жүзеге асырады.

ДРК жобасын іске асыруға тиісті жобалық ұсыныстар енгізген оператор, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ұйымдар жауапты болып табылады.

ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарын іске асыруды Министрлік жүзеге асырады.

8. Мемлекеттік органдар өз құзыretі шенберінде:

Министрліктің сұранысы бойынша ДРК жобасын іске асыру үшін ұйымдастыру-техникалық жәрдемдесуді;

ДРК жобаларын іске асыруда сараптамалық жәрдемдесуді;

жыл сайын 30 желтоқсаннан кешіктірмей, ДРК жобаларын іске асыру бойынша Министрлікке есептік ақпаратты беруді жүзеге асырады.

9. Министрлік мемлекеттік органдардың, шет елдердегі мекемелердің, әріптес-донорлардың және ДРК жобалық ұсыныстарды іске асыруға қатысуға ұсынылған Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының жәрдемдесуімен тұрақты негізде ДРК жобаларын іске асыруға мониторингті жүзеге асырады.

ДРК жобаларын іске асыру мониторингі негізінде ДРК іс-шаралар жоспарына және ДРК-ға халықаралық ұйымдарға ерікті жарнаны төлеу жоспарына Қағидалардың З-тарауында қарастырылған тәртіп бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10. Алып тасталды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 20.03.2025 № 11-1-4/163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бүйрыймен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК